



Өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі

НҮСҚАУЛЫҚ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы нұсқаулық негізгі өрт қауіпсіздігінің талаптарын шаруашылықты жүргізу құқығындағы мекемесі Амангелді орта мектебінің барлық қызметкерлері және жұмысшылар үшін бекітілді.

1.2. Мектеп қызметкерлері және жұмыскерлері жұмысқа өртке қарсы нұсқамадан өткен соң ғана жіберуге және өрт-техникалық минимум бағдарламасы бойынша кезекті оқудан өтуге тиіс.

Қызметкерлер мыналармен танысуға тиіс:

- 1) Мектепке белгіленген өртке қарсы режиммен, сондай-ақ ішкі тәртіп нұсқауларымен және өзге өрт қауіпсіздігі талаптарымен;
- 2) Жұмыс орнында және мектеп аумағында өртті болдырмау үшін, жұмысты бастар алдында және аяқтағаннан кейін, жұмыстан кетер алдында сақталуға тиіс өрт қауіпсіздігі шараларымен;
- 3) Өрт сөндіру құралдарын пайдалану әдістерімен, өрт сөндіру ережелерімен және тәсілдерімен;

1.3. Әрбір қызметкерлер және жұмысшылар қабылданған өртке қарсы режимді орындауы, өрт сөндіру құралдарын дұрыс пайдалана білу, өрт кезінде эвакуация жолдары мен тәртіптерін білу тиіс.

2. Нормативті сілтемелер

2.1 Осы нұсқаулықта келесі нормативті құжаттамаларға сәйкес пайдаланылады;

2.2 2014 жылғы 11 сәуірдегі №188-V ҚРЗ «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңы;

3. Терминдер мен анықтамалар

3.1 Осы нұсқаулықта нормативті құжаттамаларға сәйкес келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылды:

Қауіпсіз аймақ – адамдардың өрттің қауіпті факторлары әсерінен қорғалатын немес өрттің қауіпті факторлары жоқ аймақ;

Өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құжат – нормалары, ережелері және өрт қауіпсіздігі саласындағы басқа талаптарды белгілейтін құжат;

Объекті- өрт қауіпсіздігі белгіленген немесе белгіленуге тиіс заңды немесе жеке тұлғаның мүлік кешені.

Адамдар көп келетін объекті – бір мезгілде жүз және одан да көп адамдардың келуіне есептелген білім беру ұйымдарының ғимараттары мен құрылыстары;

Өрт сөндірудің бірінші құралдары- өрттің батапқы даму кезінде өртпен күресу үшін пайдаланылатын адамдар алып жүретін немесе тасымалданатын өрт сөндіру құралдары;

Өрт- адам өмірі мен денсаулығына зиян, қоғам және мемлекет мүддесіне материалдық шығын келтіретін бақыландырмайтын жану.

Объектінің өрт қауіпсіздігі – өрттің пайда болуы және дамуының, сондай-ақ өрттің қауіпті факторларының адам және материалдық құндылықтарға әсерін алдын алу мүмкіндігін сипаттайтын объекті күйі.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі- өрттің алдын алу және объектіге одан келетін шығынды азайтуға бағытталған ұйымдастыру шаралары мен техникалық құралдар жиынтығы.

Өртке қарсы тосқауыл- от төзімділіктің нормаланған шегі және объектіге одан келетін шығынды азайтуға бағытталған ұйымдастыру шаралары мен техникалық құралдар жиынтығы.

Эвакуация- адамдардың үй жайдан сыртқа немесе өрттің қауіпті факторларының әсер ету мүмкіндігі бар қауіпсіз аймаққа ұйымдастырылған өздігінен қозғалу, сондай-ақ қозғалу мүмкіндігі шектеулі тұрғындар тобына жататын адамдардың өздігінен емес, қызмет көрсетуші мамандар жүзеге асыратын процесі.

Эвакуациялық шұғыл – тікелей сыртқа немесе қауіпсіз аймаққа эвакуация жолына алып баратын шығу.

Эвакуациялық жол – адамдардың өрт кезінде қауіпсіз көшіру талаптарын қанағаттандыратын қауіпсіз аймаққа немесе тікелей сыртқа алып шығатын қозғалыс немесе орын ауыстыру жолы.

Электр жабдығы- электр энергиясын пайдаланып, жұмыстың сәйкес түрін орындау үшін арналған электро техникалық бұйымдар немесе электротехникалық құрылғылар жиынтығы.

4. Бөлмелерге (ғимараттарға) қойылтаны өрт қауіпсіздік талаптары.

4.1. Мектеп бөлмелері уақытында жанғыш қалдықтардан, қоқыстан тазартылуға тиіс. Барлық қалдықтарды арнайы жәшіктерге немесе контейнерлерге жинап, сосын шығару керек.

4.2. Мектеп аймақтары газ қазандығы, ашық қоймалар арасы уақытында жанғыш қалдықтардан, қоқыстан, ағаш жапырақтарынан, құрғақ шөптен және басқа жанғыш материалдардан тазартылуға тиіс.

4.3. Мектеп ғимаратының ашық қоймаларға, сыртқы өрт сөндіру сатыларына және өртке қарсы сумен жабдықтау көздеріне апаратын жолдар, өтетін жерлер және кіре берістер өрт сөндіру техникасының өтуі үшін қашанда бос болуға және дұрыс күйінде күтіп ұстауға, ал қыста қардан және мұздан тазартылуға тиіс.

4.4. От жағу, қалдықтар мен қоқыстарды өртеу ғимараттан 50 метр кем болмайтын арақашықтықта іске асырылуға тиіс.

4.5. Мектеп ғимаратында келісілген нормаға сәйкес алғашқы өрт сөндіру құралдырмен, өртке қарсы қызметті шақыру үшін байланыс құралдарымен қамтамасыз етілген болуға тиіс.

4.6. Эвакуациялық жолдар саны, олардың мөлшері, жарықтандыру жағдайы құрылыс нормаларының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

4.7. Есіктердің өздігінен жабылуына арналған құрылғы дұрыс күйінде күтіп ұстауға тиіс. Өртке қарсы немесе түгінге қарсы есіктердің еркін жабылуына кедергі жасайтын бөгде заттар орнатуға тиым салынады.

4.8. Алғашқы өрт сөндіру құралдарын, байланыс құралдарын, сондай-ақ өрт сөндіру автоматикасы жүйелерін орналастыру орындары тиісті өрт қауіпсіздігі белгілерімен белгіленген болуы керек.

4.9. Мектеп ғимараты найзағайдан қорғайтын құрылғылармен жабдықталу керек.

4.10. Нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес өңделген (сіндірілген) төбе жабындылары мен маталар өңдеудің қолданылу мерзімі аяқталғанда немесе құрамдарының оттан қорғау қасиеттері кеміген жағдайда қайта өңделуге тиіс. Оттан қорғап өңдеу (сіндіру) жағдайы техникалық құжаттамада көрсетілген мерзімде немесе жылына бір реттен кем болмай тексерілуге тиіс.

4.11. Мектеп ғимаратын жай жөндеу кезінде лактармен, бояулармен және басқа тез тұтанатын жанғыш сұйықтармен жұмыс жасайтын тұлғалардың арнайы киімі металл шкафтарда ілінген түрінде сақталуға тиіс.

5. Электр қондырғылар бойынша өрт қауіпсіздігі талаптары.

5.1. Электр қондырғылары ЭҚЕ немесе басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес жөнделуі және пайдалнуы тиіс.

5.2. Мектеп ғимаратының жұмыс уақыты аяқталған соң, электр аспаптар тоқсыздандырылуы керек. Түнгі ауысым кезінде мектеп күзетшісіне қажетті жарық беру желілері қосулы болу керек. Өрт сөндіру және күзет- өрт сигналын тоқ жүйесінде қосылып тұру әрдайым қадағаланады. Бүлінген және бекітілмеген розеткаларды пайдалануға болмайды және электр қыздырғыш аспаптарды, электр шамдары мен тоқ жүйесін қағазбен, матамен және басқа жанғыш материалмен орауға болмайды. Электр сымдары мен кабельдердің жалғауларымен ұштарын окшаулаусыз қалдыруға болмайтындығы қатаң ескертіледі.

6. Өрт сөндіру құралдарын қолдану ережелері.

6.1. Мектеп ғимараты өртке қарсы қызмет бөлімшелері келгенге дейін қызмет өрсетуші қызметкерлердің өртті жою қажеттілік жағдайларына сүйеніп алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуға тиіс.

6.2. Алғашқы өрт сөндіру құралдарына қозғалмалы өрт сөндіру құралдары, өрт сөндіру кранының құралдары, ұнтақ құм және өртке шыдамды маталар жатады.

6.3. Өрт сөндіргіштерді қуыстарға орналасытру жағдайлары және жабық кілтеулі бөлмелерге, ғимараттың көшіру жолына орналастыруға жол берілмейді.

6.4. Өрт сөндіргіштерді және басқа да өртке қарсы құрал – саймандарды шаруашылық мақсатында пайдалануға тиым салынды.

6.5. Құм әрқашан құрғақ, сусымалы болуы керек және де 0,5 метр 3 сиятындай темір жәшіктерде сақтау қажет. Жылына 1 рет араластырып және тастардан тазартылуы тиіс.

6.6. Асбест мата, өрт балталар, шелектер және т.б. жабдықтар өрт қалқанында ілінуі тиіс.

7. Өрт кезінде іс-қимылдар тәртібі.

7.1. Әрбір азамат өртті немесе оның жану белгілерін (түтінді, күйік иісін және т.б.) байқаған кезде:

- өрт туралы бірден 101 телефоны арқылы өртке қарсы қызметке хабарлауға міндетті;

- хабарлау кезінде объектінің мекен-жайын, өрт болған орынды сондай-ақ өзінің аты-жөнін хабарлауы қажет. Адамдарды көшіру өртті сөндіру және материалдық құндылықтарды сақтау жөнінде шаралар қолдану тиіс.

- адамдар өміріне қауіп төнген жағдайда шұғыл түрде қолда бар күштер мен құралдарды пайдалана отырып, оларды құтқаруды ұйымдастыру. Қажет болған жағдайда электрэнергияны өшіру. Өрт сөндіру қатысушы жұмысшылардың өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауды қамтамасыз ету. Өртке қарсы қызмет бөлімшелерін күтіп алуды ұйымдастыруы және өртке қарсы сумен қамтамасыз ету көздеріне өрт сөндіру машиналарының өтуі үшін жолды таңдауға көмектесуге тиіс.

7.2. Объектіде болған әр өрт бойынша мектеп әкімшілігі өрттің пайда болуымен өршуіне себеп болған жағдайлар туралы түсінік беруге алдын алу шараларын жүзеге асыруы тиіс.

8. Эвакуация жолдары.

8.1. Эвакуациялық жолдармен шығуларды пайдалану кезінде белгіленген тәртіппен бекітілген өрт қауіпсіздігі саласындағы жобалық шешімдерді және нормативтік құжаттар талаптарын сақтау қамтамасыз етілуі тиіс (оның ішінде эвакуациялық жолдармен шығуларға жарық түсіру, саны, елшемдері және көлемдік жоспарлау шешімдер бойынша, сондай-ақ эвакуациялық жолдарында өрт қауіпсіздігі белгілерінің болуы бойынша).

8.2. Эвакуация жолдарындағы есіктер және ғимараттан шығатын бағыт бойынша ашылуға тиіс.

8.3. Эвакуациялық шығу есіктеріндегі тиектер мектеп ғимаратының ішінде болатын адамдардың тиектерді ішінен кілтсіз ашу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.


8.4. Мектеп ғимаратында электр энергиясы сөніп қалған жағдайда, қызмет көрсететін қызметкерлер құрамы қол шамдармен қамтамасыз етілуге тиіс. Қолшамдарсанын басшы ғимараттың ерекшелігіне, кезекші қызметкерлер құрамының болуына, ғимараттардағы адамдар санына байланысты анықтайды, бірақ күзетші қызметкерлер құрамының әрбіреуінде біреуден кем болмауы тиіс.

9. Өрт кезінде жұмысшылардың міндеттері мен әрекеттері.

9.1. Өрт кезінде мынадай әрекеттер жүзеге асырылуы тиіс, оның ішінде:

- 1) Жүйелі түрде өртке қарсы қызметке хабарлау;
- 2) Компьютер қондырғыларын төтенше жағдайда өшіру тәртібі;
- 3) Электр жабдықтарының және желдеткіштерді өшіру тәртібі;
- 4) Өрт сөндіру автоматикасы қондырғыларымен өртке қарсы құралдарды қолдану ережесі;
- 5) Материалдық құндылықтар мен жанғыш заттарды, адамдарды көшіру жолдары тәртібі;

Дайындаған:

Өрт қауіпсіздігіне жауапты мектеп завхозы:  А. Жалмұқан